

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары
(Е. Бейсенбаев, М. Ахметов,
Е. Саиров, М. Тәжмағамбетова)

2021 жылғы 10 қыркүйектегі № ДС-256

Құрметті депутаттар!

Сіздердің студенттерге арналған жатақханалар құрылысына қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Жалпы, Елбасының Үшінші әлеуметтік бастамасы аясында 2020 жылы 20 мың төсек-орынға арналған 75 нысан пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, биыл жыл басынан бастап 3 мың төсек-орынға арналған 15 жатақхана пайдалануға берілді. 2021 жылдың соңына дейін жасалған алдын ала шарттар есебінен 5,5 мың төсек-орынға арналған 23 жатақхананы іске қосу жоспарлануда.

Бұдан басқа, сегіз оқу орны тұрғын үй-жайларды жалға алу есебінен 2 мыңға жуық төсек-орынға қажеттілікті қамтамасыз етіп отыр.

Ал, 2022 жылы 24 мыңға жуық орындық 59 жатақхананы, 2023 жылы 11,5 мың орындық 25 жатақхананы іске қосу жоспарлануда.

Сонымен қатар, жеке-мемлекеттік әріптестік аясында жатақхана құрылысы бағытының бизнес үшін тартымдылығын арттыру шаралары қабылдануды.

Атап айтқанда, инвесторлардың шығыстарын оңтайландыруға жағдай жасау мақсатында жобалау-сметалық құжаттама банкі құрылды (www.studdom.kz - сайтында орналастырылған), оның ішінде 3 типтік жатақхана жобасы әзірлеген, сондай-ақ сәтті іске асырылған жеке жобалар туралы толық деректер бар. Сондай-ақ, 500 орындық студенттік жатақхананың жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Жеке инвесторларды қолдау және ынталандыру мақсатында инвесторлар үшін Алматы қаласында жатақханалар салуға мемлекеттік тапсырыс нормативі бір орын үшін 122 – ден 144 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі-АЕК) дейін ұлғайтылды.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ғимараттарды студенттік жатақханаға реконструкциялау бойынша мемлекеттік тапсырыс

нормативін бір орын үшін 47-ден 92 АЕК-ке дейін ұлғайту мәселесі пысықталуда. Бұл бастама республикалық бюджет комиссиясының отырысында қолдау тапты.

Бұл шаралар жатақханалар құрылысына инвесторлардың жаңа пулын тартуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылғы 15 шілдеде, 10 қыркүйекте Үкіметтегі «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасын орындауға қатысты селекторлық кеңес қорытындысы бойынша барлық әкімдіктерге студенттік жатақханалар салу үшін жер учаскелерін бөлу жөнінде нақты шаралар қабылдау тапсырылды.

Бүгінгі таңда өңір әкімдіктері жатақханалар құрылысына 110 жер телімін (*Ақтөбе облысы 5, Ақмола облысы 4, Алматы облысы 4, Атырау облысы 2, Шығыс Қазақстан облысы 8, Жамбыл облысы 4, Батыс Қазақстан облысы 3, Қарағанды облысы 2, Қостанай облысы 4, Қазалорда облысы 8, Маңғыстау облысы 4, Павлодар облысы 3, Солтүстік Қазақстан облысы 5, Түркістан облысы 6, Нұр-Сұлтан қаласы 15, Алматы қаласы 23, Шымкент қаласы 10*), оның ішінде педагогикалық университеттерге төрт жер телімін бөлді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі сейсмикалық белсенділігі 9 балл болатын аудандарға арнап 500 орындық 9 қабатты студенттік жатақханалардың және 244 орындық 9 қабатты жатақханалардың құрылысы бойынша үлгілік жобалау-сметалық құжаттамасын әзірледі.

Мемлекеттік тапсырыс аясында пайдалануға берілген жатақханалар сапалы салынған және студенттердің тұруы үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған. Мысалы, Халықаралық Тараз инновациялық институтының 384 орындық жатақханасы, М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ-дің 370 орындық жатақханасы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері үшін салынған 350 орындық жатақхана және т. б.

Жатақханалар құрылысы бойынша жұмыстарды сапалы іске асыру үшін пәрменді шаралар қабылдау мақсатында ағымдағы жылдың 15 тамызында Үкіметте мүдделі мемлекеттік органдармен және өңірлердің жергілікті атқарушы органдарымен арнайы кеңес өткізді.

Кеңес қорытындысы бойынша студенттік жатақханалар құрылысының барысына апта сайынғы мониторинг жүргізу туралы шешім қабылданды.

Бұл ретте студенттерді, магистранттарды және докторанттарды сапалы жатақханалармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың барысына қоғамдық бақылау орнату маңызды бағыттардың бірі.

Осы орайда, Үкімет Сіздердің тараптарыңыздан қызығушылық болған жағдайда жатақханалар құрылысы мен оларды жөндеу жұмыстарының сапасына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық орнатуға дайындығын білдіреді.

Е. Тоғжанов